

ЭКСТРЕМИСТІК ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ҚОҒАМҒА ҚАУІПІ

Нүрділдә Байқонды Маратұлы

baikondynurdilda@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті, «Құқықтану» мамандығының 3 курс студенті, Нұр – Сұлтан қаласы

Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к., доцент Ашимова Э.А.

«Экстремизм» - бұл соңғы көзқарас бойынша шара қолдануға бейімділік. Қоғамдағы нормаларға түбегейлі қайшы, шектен шығатын, саясатты, дінді бұрмалауға негізделген, саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан саясаттың тұрақсыздығынан, экономикалық салдардан туындайтын идеологиялық құбылыс. Экстремизмнің қандай түрі болмасын, насихат жүргізу арқылы мақсат-мүддесін жетуге, өте қауіпті астарлы саясат жүргізуге бағытталған. Экстремизм – бұл қоғамға қауіпті, қылмыстық құқыққа қайшы, үкімет билігінің беделіне нұқсан келтіру немесе құлдыратуға, күйретуге бағытталған. Сонымен қатар, діни-саяси идеология жүргізу арқылы қоғамдағы қарым-қатынасты ыдыратып, ұлттық қауіпсіздікке, конституциялық құрылымға бағытталған қылмыстық әрекет. Бейбітшілік пен татулықты арқау еткен мемлекеттің билігін күйретуге әсер ететін бүгінгі таңда бүкіл әлем бойынша жаһандық мәселе –экстремистік терроризм. Қазіргі уақытта, терроризм мен экстремизмнің таралу қаупі еліміздің қауіпсіздігіне төнетін шынайы қауіпке айналып отыр.

2005 жылғы 26 ақпанда қабылданған экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңының I – бабының I - тармағы бойынша экстремистік іс-әрекеттер ұйымдастыру - экстремистік іс - әрекеттерге басшылық ету, экстремизмді қаржыландыру, экстремистік мақсатта адамдарды тарту, құралдар мен қару жасау және алу, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестіктерінің экстремизмді жүзеге асыру үшін жағдай жасауға бағытталған басқа да іс-әрекеттері қарастырылған. Ал осы заңның I – бабының 5 - тармағында «экстремизм – жеке және (немесе) заңды тұлғаның бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс - әрекеттер ұйымдастыру және (немесе) оны жасау» деп танылған.

ҚР ҚҚ «Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар» деген 14 - тарауының 337-1 бабы бойынша қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы сот шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру сотталған адамға 1 жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзгенің табысының мөлшерінде айыппұл салынады, не бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқаруға немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, не 6 айға дейінгі мерзімге қамауға алу, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру қарастырылған. Экстремизмге қарсы іс - қимыл туралы заңның 6 - бабында мемлекеттік органдардың экстремизмнің алдын - алу саласындағы күзіреті қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде терроризм және соған қатысты элементтері бар қылмыстарды қарау үшін арнайы тарау мен баптар қарастырылған. Ол: 10-тарау. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық

бұзушылықтар. Терроризм мен экстремизм үшін қылмыстық жауаптылық ҚР ҚК-нің 255-260 баптарында көзделген, соның ішінде терроризм актісін жасау, терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру, террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу, экстремистік немесе террористік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік, террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру, террористік немесе экстремистік даярлықтан өту үшін қылмыстық жауаптылықтар заңмен қарастырылған. Мысалы, террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу үшін ең қатаң жазасы - он бес жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделсе, терроризм актісін жасаған үшін он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына жазалануы көзделген. Терроризм және экстремизм қылмыстық кодексте ауыр және аса ауыр болып сараланады, осыған қарай келе жауапкершіліктің қатаң болатындылығы түсінікті. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І Заңының түсіндіріліміне сәйкес терроризм және экстремизм - күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы, ал терроризм актісі - адамдардың қаза табу қаупін төндіру, едәуір мүлктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де салдарлардың туындау қаупін төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер жасау немесе жасаймын деп қорқыту, егер бұл іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына әсер ету мақсатында жасалса, сондай-ақ нақ сол мақсаттарда адам өміріне қастандық жасау, сол сияқты мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында оның өміріне қастандық жасау саналады.

Экстремизм деген терминнің өзі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қолданысқа енді. Экстремизм - жеке адамдардың, топтардың, ұйымдардың және сол сияқты қоғамдық қызметте ұшқыр пікірге, пәтуасыз позиция мен шытырманды шараларға бейімділігі. Экстремизм қоғамдағы тәртіп пен нормаларды жоққа шығаратын құбылыс ретінде анықталады. Осындай кері әрекеттерді жақтап, теріс көзқарастарды қолданғандар экстремистер болып табылады. Экстремизм бірте – бірте күш жинап террорға, ұйымдасқан бандитизмге, қарақшылық қылмыс жасауға барады. Экстремизм халықаралық және ұлттық, мемлекеттің құрылымына, саясатына, қоғамға, әлеуметтік топтарға тікелей немесе жанама ықпал жасау арқылы қандай да бір экстремистік әрекетке шақырады. Экстремизм әртүрлі, ал оның бәрін біріктіретін екі түрлі элемент бар: біріншісі үкімет билігін құлдыратуға, күйретуге (халифат орнатуға) бағытталған. Екіншісі – қоғамға өте қауіпті күрделі идеология жүргізу, халыққа діни, психологиялық ықпал жасау арқылы ыдырату немесе өзге де зардаптардан туындауын қауіп туғызатын өзге де іс-әрекеттер. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында Оңтүстік Қазақстан облысы және Жамбыл облысында «Таблиғи Джамаат» астыртын құпия 5 адамнан тұратын ұя құрған радикалды қозғалыстың үгіт-насихат жүргізуі тіркелген, сонымен қатар ОҚО-да «Хизб-ут-Тахрир», «Аль-Ислами» ұйымының жұмыс жүргізу белсенділігі байқалып отыр. Мұндағы жедел іздестіру шараларының нәтижесінде радикалды бағытта оқытатын, шетел мемлекетінен қаржыландырылатын діни ұйымның басшысы ұсталып, әкімшілік заң бойынша мемлекеттен аластатылған. Жоғарыда айтып кеткендей экстремизм террорлық топтарға бірігу арқылы терроризмге айналады. Терроризм қазіргі дәуірдегі ең қауіпті қылмыс түрі болып табылады. Терроризм қазір ұлттық шектен шығып халықаралық сипат алуда, терроризм әртүрлі мемлекеттер, топтар арасындағы келіспеушілікті шешу үшін қорқыту және қырып-жоюдың құралына айналып отыр.

Террорлық әрекеттер әртүрлі болуы мүмкін, бірақ оның бәрін біріктіретін екі түрлі элемент бар. Бірінші, терроризм мемлекеттік билікті күйретуге бағытталған; екіншісі – терроризмді жүзеге асыру арқылы, яғни террористердің ұйымдасқан, қатыгездік әрекеттері арқылы тұрғындарға үрей, қорқыныш, қорғансыздық сезімін туғызу болып табылады. Терроризмнің бірнеше түрлері, халықаралық құқықта белгілі 20-дан астам түрлері бар болғандықтан ғылыми-зерттеулерде оның әлеуметтік-саяси және криминалдық құбылысының дефинициясын айқындау күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Соның ішінде Саяси терроризм, Ұлттық терроризм, Діни терроризм және т.б. ҚР Қылмыстық кодексінің 233-бабы бойынша терроризм жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер жасау, егер осы іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не ҚР мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымның шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді дәл мақсатқа жасаймын деп қорқыту болып табылады. Терроризм актісі жасалғанда көптеген адамдар қаза болды. Терроризм актілерінің алдын-алу шараларын күшейту керек. Бұл әрекет арқылы терроризм қаупін азайтуға болады. Терроризмнің ең қауіпті түрі – діни терроризм қаупі төніп тұр. Себебі, біздің мемлекетімізде дінге шек қойылмаған, яғни кез-келген адам өзі қай дінге сенгісі келсе соған сенуге құқылы. Қазіргі уақытта көптеген секталар жұмыс істеуде. Олардың нанымдары бойынша тек солардың ғана діндеріне сену керек. Дінге сенбейтіндер күнахарлар болыпта есептеледі де, олар адамдарды дінге сендіру үшін терроризмге жүгінуге мүмкін. Олар басқа діни мекемелерге жарылыс қою, өрт қою және тағы да басқа әрекеттер жасайды, тіпті діни фанаттар өздерін өлімге қиюы мүмкін.

Экстремистік бағыттардың ең қауіптісі діни экстремизм болып табылады.

Елімізде болған террористік актілер:

➤ 2011 жылдың тамызында Атырау қаласында теракті жасауға даярлық жүргізді деп айыпталған уаххабистердің үлкен тобы құрықталды. Ал 31 қазан күні Атыраудың облыстық әкімшілігі мен прокуратура маңайында екі жарылыс болды. Өзін-өзі жарып жіберген 24 жастағы Бауыржан Сұлтанғалиев қайтыс болып, іс алғаш рет террористік әрекет ретінде тіркелді.

➤ 8 қараша Алматы қаласында екі полицияны алдап шақырып, атып тастаған. «Терроризм» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Алайда қылмыскерлер тек 3 желтоқсан күні Алматы облысының Боралдай аулында ұсталды. Экстремистер тұрақтаған жеке үйде қақтығыс болып 4 террорист, арнайы жасақтың екі мүшесі қаза тапты.

➤ Ал 2011 жылдың 12 қарашасында Тараз қаласының тұрғыны жалғыз өзі террорлық әрекет ұйымдастырды.

➤ 21 маусымда Ақтөбе қаласында үш азамат такси жүргізушісіне шабуыл жасаған, ал оған көмекке келген жол полиция қызметкерін өлтірген. Екі күннен соң қылмыстық топ табылып, өз еркімен берілу туралы ұсынысқа қарамай оқ жаудырған. Болған атыс салдарынан екі полиция қызметкері жарақат алып, екі экстремист қаза болды. Оқиғаға қатысы бар 17 жасар жергілікті тұрғын ұсталды.

➤ 11 шілдеде Таусамал ауылында жарылыс болып, жер үй өртке оранған. Қалдықтарды қазбалау барысында сегіз адамның денесі табылды. Үй ішінде жарылғыш заттар мен қару табылған. Полицияның айтуынша, үйде болғандар теракті жасауды жоспарлаған. Бір ай өткен соң, 17 тамызда, Алматы аумағындағы Бағанашыл ауылында полиция Таусамал ауылындағы жарылысқа күдікті болған қылмыстық топқа қарсы арнайы операция жүргізеді. Жеке үйде жасырынған 12 қылмыскердің көзі жойылды. Құқық қорғау органдарынан ешкім жапа шеккен жоқ

➤ 14 қыркүйектен 15-не қараған түні белгісіз біреулер автокөліктен Атыраудың орталығындағы полиция постына оқ жаудырады да, ары қарай қалалық полиция ғимаратына шабуыл жасайды. Қылмыстық топ 21 қыркүйек күні қала сыртындағы Көктем аулында ұсталды.

➤ Бұдан соң Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласында 12 қыркүйек полициямен атысқан 5 адам мерт болды.

Қазіргі таңда діни экстремизм қоғамның басты проблемасы болып тұр. Экстремизм тұтастай елдердің тұтастығын бұзып, тұрақсыздыққа әкеліп жатыр. Біз қоғам болып осы проблеманың қаншалықты қауіпті екенін түсінуіміз керек. Сондықтан бүгінгі күні дін мәселесіне байланысты елімізде ұлттық қауіпсіздікті және мемлекеттік бірегейлікті қамтамасыз етудің басты бағыттары мен құралдарын анықтау қажеттілігі тұр.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Косиченко А. Соотношение религиозных и светских ценностей в современном мире. – Проблемы религиозного экстремизма в Центральной Азии/ Халықаралық конференция материалдарының жинағы. - 2001
2. Ляхов Е.Г. Терроризм и международные отношения. Москва, 1991г.
3. Мейркулова Г. Экстремизмнің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы. Әділ сот. №1/2010
4. Проблема и пути противодействия терроризму и экстремизму. Правовая реформа в Казахстане. №3. 2007.
5. Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңы, 26 ақпан 2005.
6. Терроризм и политический экстремизм: вызовы и поиски адекватных ответов / Отв. ред. А.А. Шаравин. М., 2002.- 188 с.
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚР // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.